	"Көліктерге дөңгелектерді салып бер" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды көлемі әртүрлі көліктердің кескіндері көлеміне сай дөңгелектерді таңдап, салып беруге ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеу, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Шарты: әрбір көліктің көлеміне сай	Үстел үсті ойын. "Бағдаршам". Мақсат-міндеттері. Түсі үш түрлі, көлемі біркелкі дөңгелектерден бағдаршамды үстелде құрастыруға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, түсті қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. "Бағдаршамдар ұйықтамайды". Бағдаршамдар ұйықтамайды. Жымьңдайды, жымьңдайды.	"Пойыз" үстел ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды текшелер немесе басқа біркелкі заттарды (лего бөлшектерін) бір қатарға тізіп, үстел басында пойыз тәрізді жүргізіп, пойыз шығаратын дыбыстарға еліктеп ойнауға ынталандыру; зейінді, дыбыстық сойлеу мәдениетін қалыптастыру; эмоциялар сферасын дамыту.	Саусақ жаттығуы. "Бағдаршамдар ұйықтамайды". Мақсат-міндеттері. Балалардың қолдарының ұсақ моторикасын дамыту, тілін, есту зейінін дамыту; бағдаршамның қызметі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Бағдаршамдар ұйықтамайды, (сұқ саусақпен бұлғау) Жымьңдайды, жымьңдайды. (саусақтарды	"Ойыншықтарды жолдан өткізейік" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жол ережелері, жүргіншілер жолы туралы ұғымдарын қалыптастыру; қарапайым әлеуметтік дағдыларды игерту. Шарты: педагог жасыл таңбалауышты көрсеткенде қолға ұстаған ойыншықты "ала жолақтың"

	<p>дөңгелектерді салып беру.</p> <p>- Көлікке сай дөңгелекті салайық,</p> <p>- Көшеге көлікті шығарайық.</p>	<p>Бір қарасаң – қып-қызыл,</p> <p>Екі десе – сап-сары.</p> <p>Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл.</p> <p>Көзі көп, басы біреу.</p> <p>Д. Ахметова</p> <p>Педагог дөңгелектерді қатырма қағаздан немесе пластиктен ұсынуы мүмкін; әрбір балаға үш дөңгелектен беріледі.</p>	<p>Шарты: заттарды (пішіндерді) бір қатарға тізіп, сол немесе оң жаққа итеріп жылжыту, педагогтің соңынан еліктеуіш сөздерді, "у" дыбысын қайталау.</p> <p>"Ту-ту" жүрдік,</p> <p>Ту-ту-у ...</p> <p>Біз алысқа -</p> <p>Ту-ту-у ..</p> <p>Жүр соңымнан -</p> <p>Қалма!</p> <p>Кім өжет жан?</p> <p>Алга!</p> <p>Д. Ахметова</p>	<p>жұдырыққа жинау, жұму, алақанды ашу)</p> <p>Бір қарасаң – қып-қызыл, (саусақтармен "ашып-жұму")</p> <p>Екі десе – сап-сары. (саусақтармен "ашып-жұму")</p> <p>Бағдаршамдар ұйықтамайды, (сүк саусақпен бұлғау)</p> <p>Жымыңдайды, жымыңдайды. (саусақтарды жұдырыққа жинау, жұму, алақанды ашу)</p> <p>Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл. (саусақтармен "ашып-жұму")</p> <p>Көзі көп, біреу басы. (сүк саусақпен бұлғау)</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	<p>(жүргіншілер жолы) үстінен жүргізіп, "топ-топ-топ" сөздерін айтып өткізу.</p> <p>Педагог балаларға бағдаршамның түсі қызыл, сары, жасыл, дөңгелек таңбалауыштарын көрсетеді.</p> <p>Балаларға жасыл жанғанда өтуге болатынын түсіндіреді.</p> <p>Әрбір бала таңдаған ойыншығын жүргіншілер жолының үстімен өткізіп жатады.</p> <p>Жасыл жанса - күлейік,</p> <p>Жолдан өтіп жүрейік.</p>
<p><b>Ертеңгілік жаттығу</b></p>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар</b></p> <p>1. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру.</p> <p>1-1 қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу.</p>				



	<p>1-2 қолды алға соғып, допты сол қолға ауыстыру, қолды жән-жаққа соғу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет)</p> <p>2. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.</p> <p>2-1 жерге отыру, допты жерге қою.</p> <p>2-2 бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>2-3 жерге отыру, допты жерге қою.</p> <p>2-4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет).</p> <p>3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.</p> <p>3-1 еңкею, допты жерге қою.</p> <p>3-2 бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>3-3 еңкею, допты жерге қою.</p> <p>3-4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет).</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</p>
Таңғы ас	<p><b>"Қолды тазалап жуайық"</b> ойын жағтығуы.</p> <p>Максат-міндеттері: жуу алгоритмін бекіту.</p> <p><b>Көркемсөз.</b></p> <p>Нан мен қасықты ал да, Тамақ ішуді баста! (Тусипжанова-Шагирова А.)</p> <p>Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, педагог балаға жақындап, орындықта дұрыс отыру керектігін айтады.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</p>
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.</p> <p>Бір-бірімізге "Сәлем!" айтамыз, Бірге жүріп, тату ойнаймыз. Ендеше көлікке отырайық.</p>

	Рульді ұстайық та бұрайық. Д. Ахметова				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Домалатайық қане біз". Мақсат-міндеттері. Балаларға допты екі қолмен ұстап, бір-біріне домалату жаттығуларын қайталау; допты тура көздеп, бір бағытқа домалата білу дағдыларын дамыту; балаларды қол мен саусак бұлшық еттерін дамыта отырып, жаттығуларды ынталанып жорындауға қызығушылықтарын арттыру; допты домалату техникасын жетілдіру; бір-біріне сенімділік сезіміне тәрбиелеу.</p>	<p><b>Музыка</b> "Көңілді тоқаштар". Мақсат-міндеттері. Балалардың дәліз туралы әнді мүжіят тыңдап, оның сыр-сипатын ажыратуды үйрету; әнді қабылдау қабілеті мен шығармашылыққа баулу; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды педагогке ілесе қайталай білуге машықтандыру; нанның қасиетімен таныстыру. "Ол не?" ойыны. Мақсат-міндеттері. Тоқаштың пішініне ұқсайтын заттарды табуды үйрету.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Көліктегі жемістер". Мақсат-міндеттері. Балаларды допты екі қолмен кезек лақтыруды үйрету; лақтыру тәсілінің допты бастан жоғары лақтыру түрімен таныстыру; лақтыру тәсіліне машықтандыру. Балаларды лақтыру жаттығуын ынтамен жасауға құлшындыру; дене, қол және саусак бұлшық еттерін дамыту; допты бастан жоғары лақтыру техникасын меңгерту және лақтыру қабілетін дамыту.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Доптарды лақтырайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды допты кеудесінен төмен ұстап, алдыға қарай жоғарыға лақтыру іскерліктерін жетілдіру; балаларды лақтыру жаттығуын ынтамен орындауға құлшындыру; дене, қол және саусак бұлшық еттерін дамыту; допты бастан жоғары лақтыру техникасын меңгерту және лақтыру қабілеттерін кеңейту; лақтыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларына тәрбиелеу. <b>"Лақтырайық"</b></p>	<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Пойыз келе жатыр". Мақсат-міндеттері. Балаларды сурет салуға арналған кескіннің пішінін алдына ала зерттей отырып салынатын орындарын бақылауды үйрету; қылқаламды үш саусакпен ұстап, ұшын бояуға малып, түтінін бетін "пойыз вагоны" аясына "пойыз терезелері" тәрізді етіп, бір қатармен біркелкі қимылдармен, жеке жақпалар қойып отыруға дағдыландыру; қылқаламды бояуға қайта малу амалын</p>



				көліктен домалаған доптарды" қимыл ойыны. Мақсат-міндеттері. Допты басынан жоғары көтеріп, алысқа лақтыруды үйрету.	шысықтау; кылкаламмен салып жатқан жақпаларды байқап, бос жерлерге қайта салып отыруға және сурет аяқталған соң кылкаламды тіреушеге тіреп қоюға жаттықтыру; көлік түрі пойыз туралы түсінік беру. "Пойыз" қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға бір-бірінің белдерінен қолмен ұстап, асықпай жүруді үйрету.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Күзгі күн райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)	Бағдаршамды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)	Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері.	Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері.	Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері.

<p>Максат-міндеттері. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру. күзгі күннің бұлтты және салқын болуына көңіл аудару. адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау қабілетін дамыту.</p> <p>- Балалар, айналаға қараңдаршы. - Ағаштардың жапырақтары қайда? - Жарайсыңдар! Жапырақтар түсіп қалды ма? - Жапырақтар қайда түсті? - Иә, жапырақтар жерде. Жақсы. - Аспанға қараңдаршы, балалар, сұр бұлттар көшіп барады. - Адамдарға қараңдаршы,</p>	<p>Максат-міндеттері. Балаларға бағдаршам туралы ұғым беру. бағдаршамның түсі үш түрлі шамдарының кезегімен жанып, көше қозғалысына әсер ететінін байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Егер жақын көшеде бағдаршам көрінбей жатса немесе бағдаршам болмаса, педагог бағдаршамның накпішінін немесе суретін көрсетуі мүмкін.</p> <p>- Балалар, бұл не? - Бұл бағдаршам. Қайталайықшы. - Жарайсыңдар! - Бағдаршам не үшін керек? "Бағдаршамдар</p>	<p>Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру. көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту. Мәшинелер жүреді ары-бері, Алға және кері. Жүкті тасымалдайды, Жақын жерге, алысқа бағыттайды.</p> <p><b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. Максат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек</p>	<p>Балаларға күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.</p> <p>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.</p> <p>Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа. Еңбекке баулу</p>	<p>Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.</p> <p>- Балалар, жел соғып тұр ма екен? - Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы. Жел соғып, бізбен ойнайды, Ағаш-бұтақты шайқайды. Ары-бері шайқайды, "Ш-ш-ш" - деп дыбыстайды. - Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз? - Иә, "ш-ш-ш" дейміз. - Жарайсыңдар! <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.</p>
--	---	--	--	--



		секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойын ойнау. Мақсат-міндеттері. Барлығы бірлесіп ойнауға, ойыншықтарын бөлісуді үйрету.	
<b>Серуеннен оралу</b>	Балаларды жүйелі түрде шешінуді, киімдерді шкаф сөрелеріне қоюғды, қолдарын жууды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)		
<b>Түскі ас</b>	<p>"Қолды тазалап жуайық" ойын жағтығуы. Мақсат-міндеттері: жуу алгоритмін бекіту, <b>Көркемсөз.</b> Нан мен қасықты ал да, Тамақ ішуді баста! (Тусипжанова-Шагирова А.) Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда отыруын қалағалайды. Үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, педагог балаға жақындап, дұрыс отыру керектігін айтады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</p>		
<b>Түскі ұйқы</b>	<p>Мақсат-міндеттері: дәретханаға бару, жуыну, киімдерін бүктеу, тыныш ұйықтау сияқты белгілі бір рәсімдерді сақтай отырып, ұйқыға өзін-өзі дайындау дағдыларын қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Ұйықтар алдында шешінгенде, орындықтың арқалығына көйлек немесе жейделерін ілгізіп, ал орындықтың өзіне шалбарын, стектерін бүктеп қойдыру. "Әлди-әлди" әні.</p>		

	<p>Көзімнің ағы-қарасы,  Жүрегімнің парасы,  Уайым-қайғы ойлатпас,  Көңілімнің сапасы.  Айналайын, шырағым!  Көлге біткен құрағым!  Маңдайдағы құндызым,  Аспандағы жұлдызым.  <b>(көркем әдебиет, музыка)</b></p>
<p><b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b></p>	<p><b>Төсекте жатып керіліп-созылу, жаттығу жасау, өзін-өзі укалау.</b>  Балалар әуезді музыка әуесімен оянады, содан кейін кереуеттің үстінде жатып, 5-6 жалпы даму жаттығуын орындайды.  Басты оңға, солға бұру.  Қолды, ішті, аяқты, өкшені жеңіл сипау.  Екі аяқтың тізесін бүгіп, екі қолмен құшақтау және біртіндеп түзету.  <b>"Көңілді аяқтар" жаттығуы.</b>  Аяқтарды биік көтер, міне, былай,  Топ, топ, топ!  Көңілдірек! Биігірек! Міне былай:  Хоп, хоп, хоп!  Қоңыраулар сыңғыр-сыңғыр,  Қатты-қатты, сылдыр-сыңғыр!  Шап жүйрігім, шап-шап,  Тпру - ру -у, тұлпарым:  Токтат! Токтат!  Шынықтыру шаралары. Дымқыл сүлгімен сүртінуге.  Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық кілемшелерімен жүру.</p>



	<p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру жайындағы білімдерін бекіту.  "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығуы.  (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</p>				
Бесін ас	<p>"Қолды тазалап жуайық" ойын жаттығуы.  Максат-міндеттері: жуу алгоритмін бекіту.  Көркемсөз.  Нан мен қасықты ал да,  Тамақ ішуді баста!  (Тусипжанова-Шагирова А.)  Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда отыруын қадағалайды. Бала үстел басында дұрыс отырмаса, педагог балаға жақындап барып, дұрыс отыру керектігін ескертеді.  (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</p>				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Музыкадан ойын-жаттығу "Көліктер әні". Максат-міндеттері. Балаларды көліктер жайында әнді тыңдап, жағымды эмоциоланды жауап беруге ынталандыру; әннің сипаты мен қарқынын есте сақтау қабілетін жетілдіру; музыка әлеміне сүйіспеншілікке	Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық". Максат-міндеттері. Балаларды педагогтің соңынан саусақтармен қимылдарды жасауға, жаңбырдың сипатын қабылдауға ынталандыру. Жаңбыр жауса – тұрмайық, (саусақтармен	Құрастырудан ойын-жаттығу "Жүк машинасы жолы". Максат-міндеттері. Балаларды кірпіштен жүк машинасына кең жол салудың тәсілдеріне үйрету; кірпішті бір-біріне тізбектеп қосуға дағдыландыру; өзі жасаған еңбек нәтижесінен	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Жүргізуші әрекетін бакылау". Максат-міндеттері. Балаларға көлік туралы жаншы түсінік беріп, жүк көлігі машинасымен таныстыру, жүк машинасының негізгі бөліктерін атай білуге үйрету, жүк	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Паровоз". Максат-міндеттері. Балаларды Қ. Мырза Әлидің "Паровоз" өлеңі үзіндісімен таныстыра отырып, ойын барысында паровоз көлігінің дыбысы, негізгі қимыл қасиеттері жөнінде түсінік беру; шығарма мазмұнын

<p>тәрбиелеу.</p> <p><b>"Не, қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.</b></p> <p>Максат-міндеттері. Балаларды көліктердің дыбыстарына еліктеуге ынталандыру; көліктерді ажыратуды үйрету; жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту. Педагог балаларға мәшине, паровоз дыбыстарын тыңдатады, олардың дыбыстарына еліктеу сөздерін айтқызады. Содан кейін аудиожазбаны тыңдатқанда балалар тырналарды, паровозды "ту-ту-ту",</p>	<p>үстелге соққылау, сүк саусақпен бұлғау)</p> <p>Қолға шатыр алайық (шапалақтау)</p> <p>Там-там – сокса тамшылар, (саусақтармен үстелге соққылау)</p> <p>Жамылып, отырайық (алақандармен бас төбесін жабу).</p> <p>Д. Ахметова</p>	<p>эмоциялық әсер алу қабілетін қалыптастыру;</p> <p>педагогтің көрсеткен тәсілдерін дұрыс ұғынып, жүк машинасын жасау икемділіктерін арттыру. Балалардың кірпіштен жүк машинасын жасауда қолдарының ұсақ моторикасын, зейіні мен байқағыштығын, ептілігі мен қабілетін дамыту.</p> <p><b>"Жүк машинасына кең жол" іс-тәжірибе жаттығуы.</b></p> <p>Максат-міндеттері. Кірпіштерден жүк машинасын құрастыруды үйрету.</p> <p><b>"Жүк көлігі не әкелді? ойыны.</b></p> <p>Максат-міндеттері. Баланың</p>	<p>машинасының пайдасы туралы түсінік беру.</p> <p><b>"Саихатқа шығайық" ойын рефлексиясы.</b></p> <p>Максат-міндеттері. Балаларға бірлесіп ойын ойнауды үйрету.</p> <p><b>Ойын-имитация.</b></p> <p><b>"Алдымызда жолдар жатыр".</b></p> <p>Максат-міндеттері. Балаларға көлікті жүргізу қимылдарына еліктеуге үйрету; көлік жүргізуші және жолда жүру туралы ұғымдар беру; барлық баламен бірге жағымды көңіл күйге бөлене білу қабілетін дамыту.</p> <p>Құралдар: ойыншық рульдер, түрлі ойыншықтар.</p>	<p>түсініп, сұрақтарға жауап беруге талпындыру.</p> <p>Балалардың тілін, ой-өрісін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту.</p> <p><b>"Торғайлар мен автомобиль" қозғалыс ойыны.</b></p> <p>Максат-міндеттері. Балаларға бірлесіп ойнауды үйрету.</p> <p><b>"Пойыз" үстел ойыны.</b></p> <p>Максат-міндеттері. Балаларды текшелер немесе басқа біркелкі заттарды (лего бөлшектерін) бір қатарға тізіп, үстел басында пойыз тәрізді жүргізіп, пойыз шығаратын дыбыстарға еліктеп ойнауға ынталандыру; зейінді, дыбыстық</p>
--	---	---	---	--



	мәшинені "биіп-биіп" деп дыбыстайды.		дүниетанымын кеңейту, заттарды атауға ынталандыру. Педагог ойыншық жүк көлігімен әртүрлі заттарды әкеледі, бала оны атайды, түсі мен пішінін атап, онымен ойнау үшін өзінің қолына алады. Бұл ненің дыбысы? Бұл ненің жүрісі? - Биіп-биіп! Абайлаңдар, балалар! Шанағымда сендер үшін бар сыйлықтар! Д. Ахметова - Балалар, жүк көлігі не әкелді?	Педагог балаларға ойыншықтарын алдына алуға мүмкіндік береді. Балалар рульдерін бұраған болып, жағымды көңіл күйлерге бөленеді. Алдымызда жол жатыр, Жасыл орман, көкшіл шатыр, Жан-жағымыз гүлге толып, Артымызда қалып жатыр. Машинаға міндік, Көп жер көріп, білдік. Гуілдетіп, гуілдетіп, Көп ойнадық, көп күлдік. Д. Ахметова	сөйлеу мәдениетін қалыптастыру; эмоциялар сферасын дамыту. Шарты: заттарды (пішіндерді) бір қатарға тізіп, сол немесе оң жаққа итеріп жылжыту, педагогтің соңынан еліктеуіш сөздерді, "у" дыбысын қайталау. Ту-ту жүрдік, Ту-ту-у ... Біз алысқа - Ту-ту-у .. Жүр соңымнан - Қалма! Кім өжет жан? Алға! Д. Ахметова
Балалармен жеке жұмыс	"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны. "қызыл үшбұрыш" +	"Жүрейік" қимыл жаттығуы. Жүрейік, жүрейік,	Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық".	"Алмалар". Мақсат-міндеттері. Ермексаздан көлемі	Қ. Мырза Әли "Паровоз". Пыс-пыс! - деді,

	"көк үшбұрыш" + "сары үшбұрыш" + "жасыл үшбұрыш" Зере мен Балназымға пішін түстерін үйрету	Қолды көкке сермейік, Күнге сәлем берейік, Шапалақтап, күлейік. Мирас пен Аянды эртүрлі бағытта жүргізіп үйрету.	Жаңбыр жауса – тұрмайық, Қолға шатыр алайық Там-там соқса тамшылар, Жамылып отырайық. Д. Ахметова Балалармен бірігіп саусақ жағтығуын жасау	бірдей кесектерді үзу, шарларды илеу амалдарын игерту. Аяла мен Сұлтанға ермексазды үзуді, шарларды илеу тәсілдерін үйрету.	Уһ-уһ! - делі Бір кезде. Пыш-пыш! - делі, Уф-уф! - делі Бір кезде. Тақы-түкі, Тақы-түкі, Тез от! - деп, Тоқтамайды дөңгелектер безектеп. Паровоз өлеңін оқи жүріп балалармен паровоз бен вагондар болып жүруді үйрету.
<b>Серуенге дайындық</b>	Максат-міндеттері: шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруді үйрету, қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстауды үйрету. Күзгі серуен кезіндегі ережелер: - серуен кезінде бас киім киіп шығуын қадағалау, - салқын күндері күн шығып тұрған жақта ойнау тоңбас үшін; - серуендеу кезінде әркім өз стақанынан қайнатылған суды ғана ішуге болады; - серуен кезінде жемістерді (алма және тағы басқа) жеуге болмайды, өйткені қол кір болады және онда ауру тудыратын микробтар болуы мүмкін. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
<b>Серуен</b>	Күзгі күн райын бақылауды жалғастыру.	Бағдаршамды бақылау. (қоршаған ортамен танысу,	Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз,	Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз,	Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз,



<p>(көршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттері. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күздің күннің бұлтты және салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту. - Балалар, айналаға қараңдаршы. Ағаштардың жапырақтары қайда? - Жарайсыңдар! Жапырақтар түсіп қалды. - Жапырақтар қайда түсті? - Иә, жапырақтар жерге түсті. Жақсы. - Аспанға қараңдаршы, балалар, сұр бұлттар</p>	<p>көркемсөз, сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттері. Балаларға бағдаршам туралы ұғым беру, бағдаршамның түсі үш түрлі шамдарының кезегімен жанып, көше қозғалысына әсер ететінін байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Егер жақын көшеде бағдаршам көрінбей жатса немесе бағдаршам болмаса, педагог бағдаршамның нақпіншінін немесе суретін көрсетуі мүмкін. - Балалар, бұл не? - Бұл бағдаршам. Қайталайықшы. - Жарайсыңдар! - Бағдаршам не үшін</p>	<p>сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттері. Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту. Мәшинелер жүреді ары-бері, Алға және кері. Жүкті тасымалдайды, Жақын жерге, алысқа бағыттайды. <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. Максат-міндеттері. Балаларды ересектің</p>	<p>сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттері. Балаларға күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-</p>	<p>сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттері. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. - Балалар, жел соғып тұр ма екен? - Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы. Жел соғып, бізбен ойнайды, Ағаш-бұтақты шайқайды. Ары-бері шайқайды, "Ш-ш-ш" - деп дыбыстайды. - Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз? - Иә, "ш-ш-ш" дейміз. - Жарайсыңдар! <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ</p>
---	--	--	--	--

		тыныс алу мүшелерін жетілдіру.	Алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойын ойнау. Мақсат-міндеттері. Барлығы бірлесіп ойнауға, ойыншықтарын бөлісуді үйрету.		
<b>Серуеннен оралу</b>	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өздігінен шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)				
<b>Кешкі ас</b>	<p>"Қолды тазалап жуайық" ойын жаттығуы.  Мақсат-міндеттері: жуу алгоритмін бекіту.  <b>Көркемсөз.</b>  Нан мен қасықты ал да,  Тамақ ішуді баста!  (Тусипжанова-Шагирова А.)  Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда отыруын қадағалайды. Бала үстел басында дұрыс отырмаса, педагог балаға жақындап барып, дұрыс отыру керектігін ескертеді.  (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</p>				
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел</b>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)  Қиылған бөліктерді тұтас суретке жинау ойындары (2-4 бөлік). (сенсорика)</p>				



<p>үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. Бауы байланатын ойыншықтармен ойындар. Максат-міндеттері: қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. Өн салу жаттығулары: көлік түрлері туралы ән салуға шақыру. Музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінде өткен әндерді пысықтау. (музыка) "Көлік жүргізушілері" сюжетті-рольдік ойыны. Максат-міндеттері: балаларды жүргізуші мамандығымен таныстыру. Балаларды ойын арқылы қарым-қатынас орнатуға үйрету. Екі кейіпкердің өзара әрекеттесу қабілетін қалыптастыру (жүргізуші - жолаушы). Балаларға белгілі бір рөлге қажетті атрибуттарды табуды үйрету. "Мәшинелер жүреді" саусак жаттығуы. (сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттері. Балаларды тапқанын ырғағы мен мазмұнына сай саусак жаттығуын жасауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды әсер алу қабілетін қалыптастыру. Құралдар: көліктердің суреттері немесе ойыншық мәшинелер. Педагог балалардан балабақшаға мәшине немесе автобуспен жеткенін сұрап жатады, мәшиненің (көліктің) суретін көрсетеді. Жаттығу саусақтарды үстел бетіне жүргізіп, жұдырықтарды қысып, солдан соң қолдарымен бұлғау арқылы орындалады. Мәшинелер жүреді ары-бері, Алға және кері. Жүкті тасымалдайды, Жақынға да, алысқа да зырылдайды. Өнер бұрышында көлік түрлерінің суретін бояу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. (шығармашылық дағдылар)</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кенес)</p>	<p>Әңгімелесу: "Баланы бағдаршаммен таныстыру", "Көліктің негізгі құрылымы", "Баламен жол жүру және жол жүру ережесі".</p>

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы № 6 Өркен бөбекжайы ЖБҚ МКҚК  
Топ кіші №2 Ботақан  
Балалардың жасы 2  
Жоспардың құрылу кезеңі 27.11.01.12.23 ж

Тексерілді

Әдіскер *Резе* Реева Т

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды топта жақсы қабылдап, амандасу. «Жәндіктер» Мақсаты: Балаларға суреттер арқылы жәндіктер туралы түсінік беру. Жәндіктерді құрастыра отырып, ұсақ қол моторикасын дамыту. Құрастыру	Балаларды топта жақсы қабылдап, амандасу. «Жаңбырлы күн» Мақсаты: Күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру. Бұлттың, тамшының салу әдіс-тәсілдерін үйрету. Сурет салу	Танертен балалармен амандасып, топқа кіргізу. Үстел -үсті ойыны: Түрлі-түсті ағаштар. Ойыншық ағаштарды құрастыру. Құрастыру	Балаларды жақсы көңіл – күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау. Дидактикалық ойын: «Күздің белгілері» Мақсаты: Күз мезгілінде табиғат құбылыстарын қалай өзгертін үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру	Балаларды жақсы көңіл – күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау. Қимылды ойын: «Дәрумендер» Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді ажырата білуге үйрету. «Дәрумендер» әнін орындау. Сенсорика Музыка
Ата-аналаңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа)	Сөйлеуді дамыту «Әжесін қайсысы жақсы көреді» Мақсаты: Мейірімділікке тәрбиелеу. Мейірімділікке тәрбиелеу.	Жапсыру «Күзгі жапырақтар» Мақсаты: Балаларға күзгі жапырақтардың түсімен таныстыру. Күзде жапырақтардың	Құрастыру «Әдемі ұшақтар» Мақсаты: Балаларға ұшақтар туралы түсінік беру. Құрастыруға үйрету.	Сенсорика, құрастыру «Құлыншақтың жолы» Мақсаты: Балаларға құлыншақтың жолын жасау үшін, берілген 4 түстен: қызыл, көк түсті	Мүсіндеу «Жаңғақ кемірген тиін» Мақсаты: Тиін туралы түсінік беру. Қол икемділігін дамыту.



іс-әрекеттер)		неліктен сарғаятындығын айтып түсіндіру.		тауып алуға үйрету.	
<b>Таңертеңгі жаттығу</b>	<b>Картотека № 13</b>				
<b>Таңғы ас</b>	Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау.  Жегеніміз нан болсын! Айтарымыз ән болсын! Тамақ берген апайға, Айтарымыз оң болсын! Әумин!	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу, <b>Көркем сөз «Бата»</b> Дастарқаныңа береке берсін! Бастарыңа мереке берсін! Астарыңа адалдық берсін!	Жуынатын бөлмедегі тәртіп пен тазалық.  <b>Көркем сөз</b> Қолымызды жуамыз, Асханаға барамыз Асханаға барған соң Тамақ ішіп аламыз.	Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Жегеніміз нан болсын! Айтарымыз ән болсын! Тамақ берген апайға, Айтарымыз оң болсын! Әумин!	Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету.  <b>Нан туралы тақпақ</b> Нан кикымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар!  <b>Мақсаты:</b> Балаларға таңғы астың, нанның маңыздылығы жайлы айту, тамақты тауысып жеуге үйрету.

		Бастарына амандық +			
	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, Сурет салу «Құмыра» Мақсаты: Құмыра туралы түсінік беру. Құмырамен таныстыру.	Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелерге келісу және т.б. Сөйлеуді дамыту Көркем әдебиет «Үйшік» Мақсаты: Үйшік ертегісімен таныстыру. Рөлдерді бөліп ойнауға үйрету.	Қоршаған ортамен таныстыру Дидактикалық ойын: «Пайдалы және зиян тағамдар» Мақсаты: Дәрумендердің пайдасы жөнінде түсінік беру.	Жапсыру «Алма» Мақсаты: Эстетикалық тәрбие беріп, тазалыққа, ұқыптылыққа баулу. Қайшымен жұмыс.	Қоршаған ортамен таныстыру Қимылды ойын: «Киімімізді жинап үйренеміз» Мақсаты: Балаларды ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету.
<b>Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	Дене шынықтыру		Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру
<b>2-ші таңғы ас</b>	2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау Тамақтану кезінде аландамауға	2-ші таңғы ас алдында өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыру.	2-ші таңғы ас алдында ойыншықтарды реттеу, кезекшілікті орындау. Дидактикалық ойын: «Бет орамалға лайық	2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау, бір біріне ойыншық жинауға көмектесу.	2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау, үстелде дұрыс отыруын қадағалау. Танымдық ойын:



	<p><b>Мақсаты:</b> Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу.</p>		<p>пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Сенсорика</p>	<p>Мақсаты: Ірі құрылыс материалдарымен және конструктормен ойындар.</p>	<p>шақыру, орын ұсыну.</p>
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
<p><b>Серуен</b></p>	<p>№ 58 <b>Көркем сөз:</b> Ал керемет бұл қандай?  Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Қол-көсір су не деген? (Жаңбыр) <b>Мақсаты:</b> Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру.</p>	<p>№ 59 <b>Бұлтты бақылау.</b> <b>Мақсаты:</b> Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін шарпы, будак, қабатты бұлттарды ажырату. <b>Мақсаты:</b> Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. <b>Көркем сөз:</b> Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) <b>Мақсаты:</b> Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау. Ойлау</p>	<p>№ 60 <b>Дидактикалық ойын:</b> «Күзде не киеміз?» <b>Мақсаты:</b> Күз мезгіліне байланысты адамдардың киім-кешімі үлгісін көрсете түсіндіру. <b>Қимылды ойын:</b> «Аттамаю». <b>Мақсаты:</b> Денені шынықтыру, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. <b>Дене шынықтыру</b></p>	<p>№ 1 <b>Таклақ. «Жел»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтығу-ғу-ғу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. <b>Қимылды ойын:</b> «Айгөлек-ау, айгөлек». <b>Мақсаты:</b> Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойынату. Шапшаңдыққа баулу.</p>	<p>№ 2 Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. <b>Мақсаты:</b> Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге де әсер ететіндігін түсіндіру. <b>Еңбек:</b> Біздің ойын алаңы <b>Мақсаты:</b> Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау. Еңбекқорлыққа баулу. <b>Көркем сөз:</b> Жел тынымсыз гүлдеп, Болып кетті тым бұзық  Шуылдайды тал терек,  Жапырағын жұлғызып. <b>Мақсаты:</b> Таклақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету. <b>Сенсорика</b> <b>Сөйлеуді дамыту</b></p>

		кабілетін арттыру.			Қоршаған ортамен таныстыру
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен шешінуі	Бір біріне шешінуге көмектесу	Киімдерін жинау. Сөрелерін ретке келтіру	Көркем сөз: Зенгір көктен Нұрын төккен Ортақ біздің күніміз Жайнап өскен, жайдары өскен Біз өмірдің гүліміз	«Біз тышқанбыз» Мақсаты: Мысықты оятып алмау үшін, тышқанның жүрісіне салу. Сапта дұрыс жүруге дағдыландыру.
Түскі ас	Гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ас алдында айтылатын таппак: Ас дегенде отырып, Тәрбиешіні тыңдаймыз. Тамақ ішіп болған соң, Орнымызды жинаймыз.	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу.	Ас қайыру. Асын, асын, асына, Береке берсін басына!	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту)
Күндігі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үлкендерді сыйлау» Әңгіме	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Қуыр-қуыр-қуырмаш» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үй жануарлары» Әңгіме	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Бала, бала, балақан» Музыка
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі).				
Бесін ас	Гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға				



	баулу (сөйлеуді дамыту).				
Балалардың дербес іс-әрекеті	<p>Сенсорика</p> <p>Дидактикалық ойын:</p> <p>«Бет орамалға лайық жамауларды табу»</p> <p>Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.</p>	<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p> <p>Қимылды ойын: «Қай қолымда көп»</p> <p>Мақсаты: аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту.</p>	<p>Сенсорика</p> <p>«Вагондарға дөңгелек таңдау»</p> <p>Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.</p>	<p>«Сипаттамасы бойынша тап»</p> <p>Мақсаты: ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа ұғымдарын бекіту.</p>	<p>Құрастыру</p> <p>«Әдемі кілемшелер»</p> <p>Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p>
Балалармен жеке жұмыс	<p>«Сикырлы суреттер»</p> <p>Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту. Жансая, Нұрахме</p>	<p>«Қандай пішін жетіспейді?»</p> <p>Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу. Аяла</p>	<p>«Сикырлы қап»</p> <p>Мақсаты: Балаларға дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, заттарды тануға баулу. Аян, Сымбат</p>	<p>«Кім шапшаң?»</p> <p>Мақсаты: Есту қабілетін дамыту. Балаларды дауысқа еліктіру. Зере Сұлтан</p>	<p>«Құстар фабрикасы»</p> <p>Мақсаты: Бір тыныс алғанда үш-төрт сөз айта білу. Аяулым.</p>
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу				
Серуен	<p>№ 58</p> <p>Еңбек: Жапырақтардан гүл шоғын жасау</p> <p>Мақсаты: Қол икемділігін дамыта</p>	<p>№ 59</p> <p>Көркем сөз: Жел тынымсыз гуілдеп,</p> <p>Болып кетті тым</p>	<p>№ 60</p> <p>Балалардың өз бетімен ойнауы:</p> <p>1. Тығылыспақ.</p> <p>2. Тартқышқа тартылу.</p>	<p>№ 1</p> <p>Дербес ойындар:</p> <p>1. Әткеншек тебу.</p> <p>2. Ирек жолмен жүру.</p> <p>Қимылды ойын:</p>	<p>№ 2</p> <p>Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру:</p> <p>1. Жарысу.</p> <p>2. Төбешікке секіру.</p> <p>Қимылды ойын:</p>

	отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. <b>«Күзгі жапырақ» тақпақ</b> Қыстың жақын калғанын, Жапырақтар сенгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. <b>Ойын: «Аю жүрген орманда».</b> Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту.	бұзық  Шуыллайды тал терек,  Жапырағын жұлдызып. <b>Мақсаты:</b> Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету.	3. Доңты қуалау.  <b>«Сақина»</b> <b>Мақсаты:</b> алақан арасына сақинаны жасыру арқылы шыдамдылыққа үйрету, тапқырлыққа баулу	<b>«Доңты қуып жет».</b> Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.	<b>«Тышқан мен мысық».</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.
<b>Серуеннен оралу</b>	Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті.				
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b>	<b>«Қай жерде шырылдады?»</b> Мақсаты: Дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау. <b>Сөйлеуді дамыту</b>	<b>«Сәйкес ұяшыққа орналастыр»</b> дидактикалық ойын <b>Мақсаты:</b> ойлау қабілетін арттыру.	<b>Сенсорика</b> <b>«Дәл осындай пішінді тап»</b> Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.	<b>Жапсыру</b> <b>«Вагондарға дөңгелек таңдау»</b>  Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.	<b>«Бізге кім келгенін тауып ал»</b> Мақсаты: Айтылу мен есту жағынанан бірдей сөздерді айыра білуге, дауыс ырғағын қадағалай білуге дағдыландыру. Кебір заттардың аттарын бекіту. <b>Сөйлеуді дамыту</b>
<b>Балалардың үйіне қайтуы</b>	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				



Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы №6 «Өркен бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

Топ кіші №2 Ботақан

Балалардың жасы 2

Жоспардың құрылуы кезеңі. 04. 12. 08. 12. 2023 ж

Тексерілді.

Реева.Т

*P. Reeva*

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды топта жақсы қабылдап, амандасу. Дидактикалық ойын: «Жасырылған суреттерді тап» Мақсаты: Баланың ойлау қабілетін дамыту.	Балаларды топта жақсы қабылдап, амандасу. Дидактикалық ойын: «Оюды құрастыр» Мақсаты: Балалардың зейінділік пен байқағыштығын дамыту.	Таңертең балалармен амандасып, топқа кіргізу. Қимылды ойын: «Асық» Мақсаты: Ұлттық ойын түрлерімен таныстыру.	Балаларды жақсы көңіл – күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау. «Мақта қыз бен мысық» ертегісі Мақсаты: Ертегімен таныстыру. Мазмұны бойынша түсіндіру. Көркем әдебиет	Балаларды жақсы көңіл – күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау. Қимылды ойын: «Кім жылдам» Мақсаты: Түрлі-түсті стакандардан биік ғимарат құрастыру.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Сөйлеуді дамыту «Менің Отаным» өлең Мақсаты: Отан туралы түсінік беру.	Сурет салу «Гүлдене бер Қазақстан!» Мақсаты: Елін сүйуге тәрбиелеу. Балаларды отансүйгіштікке, патриоттыққа тәрбиелеу.	Қоршаған ортамен танысу «Менің Отаным-Қазақстан» Мақсаты: Балаларға Туған жер, Отан туралы түсіндіру. Адамгершілікке, елін сүйуге тәрбиелеу.	Сурет салу «Қолғап» Мақсаты: Қолғап туралы түсінік беру. Қолғаппен таныстыру.	Құрастыру «Ою өрнектер» Мақсаты: Балаларға ою-өрнек туралы түсінік беру. Құрастыруға үйрету.
Таңертеңгі	Картотека № 15				

<p><b>жаттығу</b></p>	<p>«Моторды қосамыз»  Б.к. – арқамен жатып, қолды екі жаққа созу;  1-4- қолды кеуде алдына ұстап айналдыру;  «Басқышты басамыз»  Б.к.- 1-4- аяқтың басын кезекпен бүгіп, жазу;  6. «Көлікті тексереміз»  Б.к. – оңға, солға бұрылып, көлік жүрісін имитациялау;</p>				
<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p>Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау.</p> <p>Жегеніміз нан болсын!  Айтарымыз ән болсын!  Тамақ берген апайға,  Айтарымыз оң болсын!  Әумин!</p>	<p>Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу,  <b>Көркем сөз «Бата»</b>  Дастарқаныңа береке берсін!  Бастарыңа мереке берсін!  Астарыңа адалдық берсін!  Бастарыңа амандық берсін! Әумин</p>	<p>Жуынатын бөлмедегі тәртіп пен тазалық.</p> <p><b>Көркем сөз</b>  Қолымызды жуамыз,  Асханаға барамыз  Асханаға барған соң  Тамақ ішіп аламыз.</p>	<p>Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою)  Жегеніміз нан болсын!  Айтарымыз ән болсын!  Тамақ берген апайға,  Айтарымыз оң болсын!  Әумин!</p>	<p>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету.</p> <p><b>Нан туралы тақпақ</b>  Нан кикымын шашпаңдар,  Жерде жатса баспаңдар  Теріп алып, кастерлеп  Торғайларға тастандар!</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға таңғы астың, нанның маңыздылығы жайлы айту, тамақты тауысып жеуге үйрету.</p>
<p>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)</p>					
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p>Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелерге келісу және т.б.  <b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Көркем әдебиет</b>  «Үй жануарлары</p>	<p>Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау,  <b>Сурет салу</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  «Алғашқы қар»  <b>Мақсаты:</b> Қар туралы түсінік беру. Қардың күйімен таныстыру.</p>	<p><b>Жапсыру</b>  «Алма»  <b>Мақсаты:</b> Эстетикалық тәрбие беріп, тазалыққа, ұқыптылыққа баулу.  Қайшымен жұмыс.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Дидактикалық ойын:</b>  «Көлеңкесін тап»  <b>Мақсаты:</b> жануарлардың көлеңкесін табу</p>



	қалай дыбыстайды?» <b>Мақсаты:</b> Балаларға үй жануарлары туралы түсінік беру. Сурет бойынша жұмыс жасау. Адамгершілікке тәрбиелеу.	«Құмыра» <b>Мақсаты:</b> Құмыра туралы түсінік беру. Құмырамен таныстыру.			
<b>Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	Дене шынықтыру		Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру
<b>2-ші таңғы ас</b>	2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау Тамақтану кезінде алаңдамауға шақыру. <b>Көркем әдебиет</b> «Әдептілік әлемі» <b>Мақсаты:</b> Әдептілік жайында әңгімелеу. Мейірімділікке баулу	2-ші таңғы ас алдында өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыру.	2-ші таңғы ас алдында ойыншықтарды реттеу, кезекшілікті орындау. <b>Дидактикалық ойын:</b> «Бет орамалға лайық жамауларды табу» <b>Мақсаты:</b> геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Сенсорика	2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау, бір біріне ойыншық жинауға көмектесу. <b>Сюжетті-рөлдік ойын</b> «Қуыршақты тамақтандыр» <b>Мақсаты:</b> Ірі құрылыс материалдарымен және конструктормен ойындар.	2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау, үстелде дұрыс отыруын қадағалау. <b>Танымдық ойын:</b> «Досыңды шақыр» <b>Мақсаты:</b> үстелге досының атын айтып шақыру, орын ұсыну.
<b>Серуенге дайындық</b>	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
<b>Серуен</b>	№ 7 <b>Көркем сөз:</b> Ал керемет бұл қандай?	№ 8 <b>Көркем сөз:</b> Аспанға ұшар бу	№ 9 <b>Дидактикалық ойын:</b> «Қыста не киеміз?»	№ 10 Тақпақ. «Жел» <b>Мақсаты:</b> Балаларға	№ 11 <b>Көркем сөз:</b> Жел тынымсыз гүлдеп,

	<p>Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) <b>Мақсаты:</b> Жұмбақ жағдаса отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру.</p>	<p>болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) <b>Мақсаты:</b> Жұмбақ жағдаса отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қалағалау. Ойлау қабілетін арттыру.</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Қыс мезгіліне байланысты аламдардың киім-кию үлгісін көрсете түсіндіру. <b>Қимылды ойын:</b> «Аттамақ». <b>Мақсаты:</b> Денені шынықтыру, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. <b>Қоршаған ортамен таныстыру Дене шынықтыру</b></p>	<p>жел туралы өлең жағдату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу- зу-зу Қатты-қатты жел соқтығу-ғу-ғу. Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. <b>Қимылды ойын:</b> «Айгөлек-ау, айгөлек». <b>Мақсаты:</b> Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнағу. Шапшаңдыққа баулу.</p>	<p>Болып кетті тым бұзық  Шуылдайды тал терек,  Жапырағын жұлдызып. <b>Мақсаты:</b> Таклақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезінуге үйрету. <b>Сенсорика</b> <b>Сөйлеуді дамыту</b></p>
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен шешінуі.	Бір-біріне шешінуге көмектесу.	Киімдерін жинау. Сөрелерін ретке келтіру.	Бір-біріне шешінуге көмектесу.	«Біз тышқанбыз» <b>Мақсаты:</b> Мысықты оята алмау үшін, тышқанның жүрісіне салу. Сапта дұрыс жүруге дағдыландыру.
Түскі ас	Гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) <b>Ас алдында айтылатын таклақ:</b>	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу.	<b>Ас қайыру.</b> Асын, асын, асына, Береке берсін басына!	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту)



<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>«Сиқырлы суреттер»</b> Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту. Нұрахмет	<b>«Қандай пішін жетіспейді?»</b> Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу. Аяулым	<b>«Сиқырлы қап»</b> Мақсаты: Балаларға дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, заттарды тануға баулу. Аяла, Аян	<b>«Кім шапшаң?»</b> Мақсаты: Есту қабілетін дамыту. Балаларды дауысқа еліктіру. Амина, Аяла	<b>«Құстар фабрикасы»</b> Мақсаты: Бір тыныс алғанда үш-төрт сөз айта білу. Зере, Сымбат.
<b>Серуенге дайындық</b>	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу				
<b>Серуен</b>	<b>№ 7</b> <b>Ойын: «Аю жүрген орманда».</b> Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту.	<b>№ 8</b> <b>Көркем сөз:</b> Жел тынымсыз гүлдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек Жапырағын жұлдызып. <b>Мақсаты:</b> Таклак үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету.	<b>№ 9</b> <b>Балалардың өз бетімен ойнауы:</b>  1. Тығылыспақ. 2. Тартқышқа тартылу. 3. Допты қуалау.  <b>«Сақина»</b> Мақсаты: алақан арасына сақинаны жасыру арқылы шыдамдылыққа үйрету, тапқырлыққа баулу	<b>№ 10</b> <b>Дербес ойындар:</b> 1. Эткеншек тебу. 2. Ирек жолмен жүру.  <b>Қимылды ойын:</b> <b>«Допты қуып жет».</b> Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.	<b>№ 11</b> <b>Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру:</b> 1. Жарысу. 2. Төбешікке секіру. <b>Қимылды ойын:</b> <b>«Тышқан мен мысық».</b> Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.
<b>Серуеннен оралу</b>	Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті.				
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b>	<b>«Қай жерде шырылдады?»</b> Мақсаты: Дыбыстың қай жерден	<b>«Сәйкес ұяшыққа орналастыр»</b> дидактикалық ойын Мақсаты: ойлау	<b>Сенсорика</b> <b>«Дәл осындай пішінді тап»</b> Ойынның мақсаты:	<b>Жапсыру</b> <b>«Вагондарға дөңгелек таңдау»</b>	<b>«Бізге кім келгенін тауып ал»</b> Мақсаты: Айтылу мен есту жағынанан бірдей сөздерді

	Ас дегенде отырып, Тәрбиешіні тыңдаймыз. Тамақ ішіп болған соң, Орнымызды жинаймыз.				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үлкендерді сыйлау» Әңгіме	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Қуыр-қуыр-қуырмаш» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үй жануарлары» Әңгіме	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Бала, бала, балакан» Музыка
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі).				
<b>Бесін ас</b>	Гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу (сөйлеуді дамыту).				
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b>	<p><b>Сенсорика</b></p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b></p> <p>«Бет орамалға лайық жамауларды табу»</p> <p>Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p> <p><b>Қимылды ойын:</b></p> <p>«Қай қолымда көп»</p> <p>Мақсаты: аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту.</p>	<p><b>Сенсорика</b></p> <p>«Вагондарға дөңгелек таңдау»</p> <p>Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.</p>	<p>«Сипаттамасы бойынша тап»</p> <p>Мақсаты: ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа ұғымдарын бекіту.</p>	<p><b>Құрастыру</b></p> <p>«Әдемі кілемшелер»</p> <p>Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p>



	шыққанын анықтау. Сөйлеуді дамыту	кабілетін арттыру.	геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.	Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.	айыра білуге, дауыс ырғағын қадағалай білуге дағдыландыру. Кебір заттардың аттарын бекіту. Сөйлеуді дамыту
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы №6 «Өркен» ЖБҚ МКҚК \_\_\_\_\_

Топ: № 2 «Ботакан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 11.12 - 15.12.2023ж.

Педагогтың аты-жөні \_Базарова З.Н \_\_\_\_\_

Тексерілді

Әдіскер Рисель Реева Т.Ж

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
